

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 27 наурыз N 86

1996 жылғы 18 шілдеде Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия  
Үкіметінің арасындағы әуе қатынасы туралы  
Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзияның Үкіметі, бұдан

былай осы Келісімде "Келісуші Жақтар" деп аталады,

1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған Халықаралық Азаматтық Авиация туралы Конвенцияның қатысушылары бола отырып,

олардың мемлекеттерінің тиісті аумақтарының арасында жүйелі әуе қатынасын орнату мақсатымен аталмыш Конвенцияға қосымша ретінде Келісім жасауды қалай отырып,

халықаралық әуе көлігінде қауіпсіздік деңгейін көтеруге ынталана отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап  
АЙҚЫНДАМАЛАР

1. Егер контекстен басқа мен туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "Конвенция" атауы - 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған Халықаралық Азаматтық Авиация туралы Конвенцияның 90-бабына сәйкес енгізілген кез келген Қосымшаны және Конвенцияның 90 және 94-баптарына сәйкес Конвенция мен Қосымшаларға енгізілген кез келген түзетулерді де білдіреді, егер сол Қосымшалар мен түзетулер екі Келісуші Жақтармен қабылданған жағдайда;

б) "авиациялық билік орындары" атауы - Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін, және Малайзияның Үкіметіне қатысты - Малайзияның Көлік министрлігін немесе осы кезде аталмыш органдардың қызметін орындауға өкілеттенген кез келген ұйымды немесе заңды тұлғаны білдіреді;

с) "тағайындалған авиакәсіпорны" атауы - осы Келісімнің 3-бабына сәйкес осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген маршруттардағы ұшуларды орындау үшін тағайындалған және уәкілденген авиакәсіпорынды немесе авиакәсіпорындарды білдіреді;

д) "аумақ", "әуе қатынасы", "халықаралық әуе қатынасы", "авиакәсіпорын", "жүйелі әуе қатынасымен аялдама жасау" Конвенцияның 2 және 96-баптарына сай мағынаны білдіреді;

е) "тарифтер" - атауы жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау бағалары мен агенттік қызметтерді немесе көлік құжаттарын сатқаны үшін комиссия алымдары мен қосымша төлемдерді қоса осы бағалар қолданылатын жағдайларды білдіреді;

ғ) "Қосымша" атауы - осы Келісімнің 16-бабының 2 тармағына сай қабылданған осы Келісімнің Маршруттар Кестесін немесе кез келген басқа Қосымшаны білдіреді.

2. Бұл Қосымша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және осы Келісімнің кез келген сілтемелері Қосымшаның да сілтемелері болып табылады.

## 2 - б а п

### Т а с ы м а л д а у қ ұ қ ы қ т а р ы н б е р у

1. Әрбір Келісуші Жақ осы Келісімнің Қосымшасындағы Маршруттар Кестесінде көрсетілген маршруттардағы ұшуларды (бұдан былай "келісілген әуе жолдары" және " белгіленген маршруттар") орындау мақсатымен екінші Келісуші Жаққа осы Келісімде көрсетілген құқықтарды береді.

2. Осы Келісімнің қағидаларына сай әрбір Келісуші Жақтың кез кез келген тағайындалған авиакәсіпорны мына құқықтарды пайдаланатын болады:

а) олардың мемлекеттерінің аумақтары арқылы қонбастан ұшып өту;

б) олардың мемлекеттерінің аумақтарында жүйелі әуе қатынасымен қону;  
с) осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген пункттердегі аумақтарда екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағындағы пункттерге (ден баратын) келетін жолаушыларды, багажды, жүкті және поштаны тиеу және түсіру.

3. Бұл баптағы қағидалардың ешқайсысы да екінші Келісуші Жақтың аумағында жалдану жағдайымен немесе сыйақы үшін және екінші Келісуші Жақтың мемлекетінің аумағындағы басқа пунктке тасымалдауға арналған жолаушыларды, жүк пен поштаны бір Келісуші Жақтың авиакәсіпорнының бортына алу құқығын береді деп қаралмайды.

4. Егер қарулы қақтығыстың, саяси толқулар мен оқиғалардың немесе ерекше және жайсыз жағдайларға байланысты бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны әдеттегі маршрутпен жолды пайдалана алмаған жағдайда екінші Келісуші Жақ уақытша өзгертілген тиісті маршруттар бойынша осы жолдарды пайдалану үшін барлық күш-жігерін салатын болады.

### 3 - б а п Авиакәсіпорынды тағайындау және өкілеттіктерді п а й д а л а н у

1. Әрбір Келісуші Жақ белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану үшін екінші Келісуші Жақты жазбаша түрде хабардар ете отырып, бір немесе бірнеше авиакәсіпорнын тағайындауға құқылы болады.

2. Осындай хабарландыру алған екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары, осы баптың 3 және 4 тармақтарының қағидаларына сай әрбір тағайындалған авиакәсіпорнының ұшуына жедел түрде рұқсатын береді.

3. Бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары халықаралық коммерциялық әуе жолдарын пайдалану кезінде Конвенцияның қағидаларына сәйкес осы Келісуші Жақпен шарттарды пайдалану қабілетінің барлығына көз жеткізу үшін заңдар мен ережелерде жазылған әдеттегідей және негізді түрде екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнынан дәлелдемелер талап етуі мүмкін.

4. Әрбір Келісуші Жақ авиакәсіпорнын тағайындаған екінші Келісуші Жақтың, әйтпесе оның азаматтарының тағайындалған авиакәсіпорны үстінен айрықша иелік билігін жүргізе алатындығына дәлелі жоқ барлық жағдайда, ол авиакәсіпорнына осы баптың 2-тармағында көрсетілген ұшу рұқсатын беруден бас тарта алады, болмаса сол екінші Келісуші Жақтан тағайындалған авиация кәсіпорнынан осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды пайдалану үстінде қажет болады деген әрқилы шарттардың орындалуын талап ете алады.

5. Тағайындалған және осылайша рұқсат алған авиакәсіпорны, осы Келісімнің 11-бабындағы қағидаға сәйкес орнатылған тарифтер күшіне енгізілген жағдайда келісілген әуе жолдарын пайдалану ісін бастай алады.

6. Әрбір Келісуші Жақ осы Келісімнің 2-бабының 2 тармағына сәйкес кез келген авиакәсіпорынға берген құқықтарының пайдаланылуын уақытша тоқтатуға немесе осы авиакәсіпорны оған осы құқықтарды берген Келісуші Жақтың заңдары мен ережелерін сақтамаған, яки осы авиакәсіпорны осы Келісімде жазылған шарттарды орындамаған жағдайда, әрі осы берілген құқықтарды пайдалану үшін қажетті деп табылған шарттардың орындалуын талап етуге құқықты. Егер жедел түрде аталмыш талаптардың орындалуы бұдан әрі заңдар мен ережелердің бұзылуына тосқауыл болмаған жағдайда осындай құқықтарды пайдалану екінші Келісуші Жақпен кеңесуден соң ғана жүзеге а с а т ы н б о л а д ы .

#### 4 - б а п

Кедендік баж салығы мен басқа да алымдардан босату

1. Халықаралық тасымалдауларда қолданылатын әрбір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесі, сондай-ақ олардың табельдік құралдары, сол әуе кемесіне тиелген жанармай және жағармай материалдарының қоры, борттық қорлар (азық-түлік тағамдары, сусындық және темекі заттарын қоса) екінші Келісуші Жақтың аумағына әкелінгеннен кейін барлық кедендік баж салығынан, инспекциялық және басқадай алымдардан босатылады, әйтседе кері әкетілген мерзімге дейін құралдар мен қорлар әуе кемесінің бортында қалуға тиісті.

2. Бір Келісуші Жақтың аумағына екінші Келісуші Жақтың авиакәсіпорнымен немесе оның атынан әкелінген немесе осындай тағайындалған авиакәсіпорнымен пайдаланылатын әуе кемесінің бортына алынатын және халықаралық әуе жолдарында пайдалануға арналған отын қорлары, жағармай материалдары, қосалқы бөлшектер, табель жабдықтары және борттың ішіндегі қорлар, егер осы қорлар бортқа қабылданатын Келісуші Жақ аумағының шеңберінен өтетін маршрут учаскесінде пайдаланылған жағдайда да бірінші Келісуші Жақтың аумағында салынатын кедендік баж салығы мен инспекциялық алымдарды қоса барлық ұлттық баждар мен алымдардан босатылады. Жоғарыда аталған материалдар кедендік байқауда немесе т е к с е р у д е б о л а д ы .

3. Бір Келісуші Жақтың әуе кемесінде орналасқан табельдік борт жабдықтары, сондай-ақ материалдары мен қорлары екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағына осы Келісуші Жақтың кедендік органдарының билігімен ғана тиелуі мүмкін. Бұл жағдайда, олар, кері әкетілгенге дейін немесе кедендік ережелерге сай басқа мақсатқа жіберілгенге дейін, ескертілген кедендік билік орындарының қарамағында қалатын б о л а д ы .

4. Бір Келісуші Жақтың әуе кемесінің бортына екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында алынатын, сондай-ақ соңғы Келісуші Жақтың аумағындағы екі пункттер арасындағы ұшуларда пайдаланылатын отын, жағармай материалдары, қосалқы

бөлшектер, табель жабдықтары кедендік баж салығынан, инспекциялық алымдардан және басқа ұлттық немесе жергілікті алымдар мен баждардан босатылады.

## 5-бап

### Коммерциялық қызмет

1. Келісуші Жақтардың әрқайсысының мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген заңдар мен ережелерге сай Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны 3-бапқа сәйкес екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында осы Келісімнің Қосымшасына сай әуе қатынасын орындау үшін қажетті әкімшілік, техникалық және коммерциялық персоналдары бар өзінің өкілдігін ашуға құқығы бар.

2. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына өз мемлекетінің аумағында тікелей немесе авиакәсіпорынның қалауы бойынша, өзінің агенттері арқылы төлемақылы тасымалдау жүргізуге құқық береді. Әрбір авиакәсіпорны жергілікті валютамен немесе ұлттық заңдар мен ережелерге сай еркін конверцияланатын валютамен осындай тасымалдауларды сатуға құқықты.

## 6 - б а п

### Кіру мен шығу үшін заңдар мен ережелерді қолдану

1. Бір Келісуші Жақ мемлекетінің халықаралық әуе қатынастарында пайдаланылатын әуе кемесінің оның аумағына ұшып келуін немесе ұшып шығуын реттейтін заңдары мен ережелері, екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына да қолданылатын болады.

2. Бір Келісуші Жақ мемлекетінің өз аумағында жолаушылардың, экипаждың, жүктің немесе поштаның келуін (кетуін), уақытша жүріп-тұруын, әкелінуін (әкетілуін) реттейтін заңдары мен ережелері, мысалы эмиграциялауға және эмиграцияға қатысты формалдылықтары, сондай-ақ кедендік ережелері мен санитарлық шараларын сол аумақ шегінде жүрген кезде екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесімен тасымалданатын жолаушыларға, экипажға, жүкке немесе поштаға қатысты да қолданылатын болады.

3. Бір Келісуші Жақтың мемлекетінің аумағы арқылы тікелей транзитпен баратын жолаушыларға, багажға және жүктерге осы мақсат үшін белгіленген әуежай аумағынан

шықпаған жағдайда, жеңілдік бақылау жүргізілетін болады. Тікелей транзитпен баратын багаж және жүктер кедендік салықтар мен басқадай осы сияқты алымдардан б о с а т ы л а д ы .

4. Келісуші Жақтардың ешқайсысы да осы баптың 1 және 2 тармақтарында қарастырылған заңдар мен ережелердің қолданылуына қатысты екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына қарағанда өзінің тағайындалған авиакәсіпорнына артық үстемшілік бере алмайды.

## 7 - б а п

### Тасымалдаулар көлемін реттеу

1. Келісуші Жақтардың тағайындалған авиакәсіпорнының әрқайсысына олардың мемлекеттерінің тиісті аумақтар арасындағы белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалануда қолайлы да теңдес жағдайлар берілетін болады.

2. Әрбір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде сол маршруттағы немесе оның бөлігіндегі әуе жолдарын пайдаланатын екінші Келісуші Жақтың авиакәсіпорнының тасымалдауларына шығын келтірмес үшін соның мүддесін ескеріп отыруы тиіс.

3. Келісуші Жақтардың тағайындалған авиакәсіпорындарымен қызмет жасалатын әуе жолдары белгіленген маршруттарда тасымалдаулардың қоғамдық талғамдарына сай болулары тиіс, және әрбір авиакәсіпорнының бірінші кезектегі міндеті авиакәсіпорнын тағайындаған Келісуші Жақпен қозғалыстың соңғы баратын еліндегі аумақтар арасында жүк пен поштаны, жолаушыларды тасымалдағанда олардың қазіргі және болжамды сұранымдарын қанағат ете алатындай сыйымдылық беруі керек. Белгіленген маршруттардың үшінші мемлекеттеріндегі пункттерде тиелетін және түсірілетін жолаушыларды, жүк пен поштаны тасымалдау сыйымдылығы жалпы принципке сәйкес, мыналардан тәуелді болады:

а) ұшудың басталатын және аяқталатын елдері арасындағы тасымалдауларға деген м ұ қ т а ж д ы қ т а р д а н ;

б) келісілген әуе жолдары өтетін ауданның тасымалдық мұқтажынан, осы ауданда орналасқан мемлекеттердің авиакәсіпорындары орнатқан жергілікті және аймақтық әуе жолдарын есепке алып отырады ;

с) авиакомпаниялар арасындағы жолаушыларды, багажды, жүкті және поштаны тапсыру жөніндегі мұқтаждықтардан .

4. Әрбір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары белгіленген маршруттарда тағайындалған авиакәсіпорындармен ұшуларды орындау үшін осы баптың тармақтарында көрсетілген қағидалардың практикалық қолданылуы үшін тиісті шараларды мезгіл сайын бірлесіп қабылдап отырады.

## 8 - б а п Т а р и ф т е р

1. Кез келген келісілген әуе жолдарында тасымалдау үшін тарифтер пайдалану шығындарын, негізді пайданы және белгіленген маршруттардың кез келген учаскесінде басқа авиакәсіпорындардан алынатын тарифтерді қоса, ақылға сыйымды шеңбердегі барлық тиісті факторларды ескере отырып, белгіленетін болады.

2. Егер тағайындалған авиакәсіпорындардың екеуі де ИАТА-ның мүшелері болып табылған жағдайда, тарифтерді келісу мүмкіндігінше осы ұйымда қолданылатын процедураларды пайдалану жолымен жүргізілетін болады. Егер осындай келісу мүмкін болмаған жағдайда, әрбір белгіленген маршруттың тарифтері тағайындалған авиакәсіпорындардың арасында келісілетін болады. Кез келген жағдайда тарифтер Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының бекітуіне тапсырылады.

3. Егер тағайындалған авиакәсіпорындар тарифтер жөнінде келісімге келмеген жағдайда, немесе Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары осы баптың 2 тармағына сәйкес бекітуге тапсырылған тарифтерді бекітпеген жағдайда екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары осы тарифтер жөнінде кеңесулер жүргізу жолымен келісімге келуге тырысады.

4. Егер осы баптың 3 тармағына сәйкес қайсы-бір тарифті бекіту жөнінде келісім болмаған жағдайда, дау-дама осы Келісімнің 15-бабының ережелеріне сәйкес шешілетін болады.

5. Жаңа немесе өзгертілген тарифтің ешқайсысы осы Келісімнің 15-бабына сәйкес екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының бекітуінсіз немесе Төрелік соттың шешімінсіз күшіне енбейді. Тарифтерді бекіту кезінде осы баптың ережелеріне сәйкес, оларды уақытша пайдалануға рұқсат етіледі.

## 9 - б а п Куәліктер мен айғақтарды тану

1. Бір Келісуші Жақтың берген және пәрменділік мерзімі өтпеген ұшу жарамдылығының куәліктері, біліктілік куәліктері мен айғақтары келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде екінші Келісуші Жақпен де жарамды деп танылады.

2. Әрбір Келісуші Жақ, дегенмен, өз мемлекетінің аумағының үстінен ұшуларға қатысты өзінің азаматтарына берілген немесе екінші Келісуші Жақпен, яки үшінші мемлекетпен жарамды деп танылған біліктілік куәліктері мен айғақтарын танудан бастартуға кұқықты.

## 10 - б а п Алымдар ставкалары

Келісуші Жақтардың ешқайсысы халықаралық әуе қатынастарын пайдаланатын өзінің меншікті тағайындалған авиакәсіпорындарының қызмет көрсеткені үшін салатын артық салықтарын осындай қатынастарды пайдаланатын екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорындарына салмайды немесе салық салуға рұқсат етпейді .

## 1 1 - б а п А в и а ц и я л ы қ қ а у і п с і з д і к

1. Келісуші Жақтардың халықаралық құқықтарынан туындайтын өздерінің құқылары мен міндеттемелеріне сәйкес бір-біріне қатысты алған азаматтық авиация қауіпсіздігіне заңсыз араласу актілерінен қорғау міндеттерін мақұлдайды. Халықаралық заңдарда көрсетілген құқылары мен міндеттерінің жалпылама қолданысымен шектеліп қоймай, Келісуші Жақтар сонымен бірге 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токиода қол қойылған әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар мен кейбір басқа актілер туралы Конвенцияның, 1971 жылғы 16 желтоқсанда Гаагада қол қойылған әуе кемелерінің заңсыз басып алуға тойтарыс беру жөніндегі Конвенцияның және 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреалда қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы жасалатын заңсыз актілермен күресу туралы Конвенцияның, сондай-ақ Келісуші Жақтардың екеуінде қосылған кез келген басқа авиациялық қауіпсіздік жөніндегі Конвенцияның қағидаларына сәйкес қимыл-әрекет ж а с а й т ы н б о л а д ы .

2. Келісуші Жақтардың сұрауы бойынша әуе кемелерін заңсыз басып алу актілеріне және әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, әуежайлар мен әуе-навигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрқилы әрекеттерге жол бермеуде бір-біріне қажетті барлық көмегін көрсетіп отырады.

3. Келісуші Жақтар өзара қарым-қатынасын Халықаралық азаматтық авиация Ұйымы орнатқан Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияға тіркелген Қосымшалардағы авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сәйкес құрулары тиісті, әйтседе осындай қауіпсіздік жөніндегі ережелер Келісуші Жақтарға қолданымды болуға тиісті. Келісуші Жақтар әуе кемелеріне қызмет атқаратын, қызмет орны мен тұрақты тұрғындары өз аумағында болатын персоналдар мен өз аумақтарындағы халықаралық әуежайларда қызмет ететін персоналдардан осындай авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сай әрекет жасауларын талап ететін болады. Әрбір Келісуші Жақ өздерінің ұлттық ережелерінің, заңдары мен жоғарыда аталған авиациялық қауіпсіздік жөніндегі қағидалардың ерекшеліктері туралы екінші Келісуші Жаққа хабарлайтын болады. Әрбір Келісуші Жақ осындай ерекшеліктерді талқылау мен жедел кеңес



жүргізуді екінші Келісуші Жақтан талап етуі мүмкін.

4. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақ аумағына ұшып бару, ол жерде болу және одан ұшып кету үшін авиация қауіпсіздігі туралы ережелер мен талаптардың толық орындалуын сол әуе кемелеріне қызмет көрсететін персоналдардан екінші Келісуші Жақ талап ете алады дегенге келіседі. Әрбір Келісуші Жақ өз аумағында әуе кемелерін қорғау үшін және жолаушыларды, экипажды, қол жүгін, багажды, жүкті және борттық қорларды тиеуден немесе отырғызудан бұрын, әйтпесе сол отырғызу-тиеу кездерінде тексеру үшін қажетті шаралардың ұтымды қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Сонымен қатар, әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың нақтылы қатерге байланысты арнайы шара қолдануы туралы кез келген өтінішін зор тілектестікпен қарап отырады.

5. Әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты немесе әуе кемесінің, ондағы жолаушылар мен экипаждың, әуежайлар мен басқадай аэронавигациялық құрал-аспаптардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге байланысты қақтығыстар немесе қақтығыс қатері туған жағдайда, Келісуші Жақтар өзара байланысты жеңілдету арқылы және ондай қақтығыстарды немесе қақтығыс қатерін тез және қауіпсіз түрде жою мақсатында басқадай тиісті шаралар қолдану арқылы бір-біріне көмектесіп отырады.

## 1 2 - б а п Т а б ы с т а р д ы а у д а р у

Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші жақ мемлекетінің аумағында тағайындалған авиакәсіпорынмен алынған табыстар мен шығындардың айырмасын аудару құқығын осы Жаққа береді. Аумағында табыс алынған Келісуші Жақтың ережелеріне сай, ресми , қолданымдағы валюта бағамының негізінде осындай қаржы аудару жүргізілетін б о л а д ы .

### 13-бап

#### Ақпарат және статистика

Бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының сұрауы бойынша келісілген әуе жолдарында бірінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнымен орындалатын тасымал көлемін анықтау мақсатымен талап етілуі мүмкін болатын мерзімді немесе басқадай ақпараттарды ұсынады. Осындай хабарлар келісілген әуе жолдарында тағайындалған авиакәсіпорынмен жүзеге асырылатын тасымал көлемін анықтау үшін қажетті барлық

ақпарларды қамтиды.

14-бап  
Кеңесулер

Әрбір Келісуші Жақ осы Келісімге қатысты кез келген мәселе бойынша кеңесулер сұрауы мүмкін. Келісуші Жақтармен басқаша шешім қабылданбаған жағдайда, жазбаша сұраным екінші Келісуші Жаққа түскен күннен бастап 60-күндік мерзім ішінде осындай кеңесулер басталуы тиіс.

1 5 - б а п

Дау - да м а л а р д ы р е т т е у

1. Келісуші Жақтардың арасында осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға байланысты туындайтын кез келген дау-дама келіссөздер жүргізу жолымен шешілетін б о л а д ы .

2. Егер Келісуші Жақтар келіссөздерде келісімге келмеген жағдайда, дау-дама бір Келісуші Жақтың сұрауы бойынша Төрелік соттың қарауына тапсырылады, ол үшін әрбір Келісуші Жақ өз тарапынан төрешілер сайлайды. Тағайындалған төрешілер үшінші төрені сайлайды, оған Төрағаның міндеті жүктеледі. Келісуші Жақтар Төрелік сот арқылы дауды шешу туралы ұсыныс дипломатиялық арналар бойынша алған мезеттен бастап 60 (алпыс) күннің ішінде өз төрешілерін тағайындайды. Төрелік соттың төрағасы келесі 60 (алпыс) күннің ішінде тағайындайды.

3. Егер Келісуші Жақтардың бірі өз төрешісін немесе Төрелік соттың үшінші мүшесін белгіленген уақытта тағайындамаса, онда Келісуші Жақтар Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы Кеңесінің Төрағасынан немесе Төрелік соттың Төрағасына төрешілерді тағайындауын сұрауы мүмкін. Кез келген жағдайда үшінші төреші үшінші елдің азаматы болып табылады және Төрелік соттың Төрағасы болады.

4. Келісуші Жақтар осы баптың 2 тармағына сәйкес қабылданған шешімдерді о р ы н д а у ғ а м і н д е т т е н е д і .

5. Егер Келісуші Жақтардың бірі немесе кез келген Келісуші

Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны Төрелік соттың шешімін орындамаған жағдайда, екінші Келісуші Жақ осы Келісімге сәйкес сол Жаққа берілген құқықтарды шектеуге, уақытша тоқтатуға немесе кез келген құқықтар мен артықшылықтарды қайтып алуға құқықты.

## Өзгертулер

1. Егер Келісуші Жақтардың бірі осы Келісімнің қайсы-бір қағидасын өзгертуге ұйғарған жағдайда, ол екінші Келісуші Жақтан кеңесу сұрауы мүмкін. Осындай кеңесу сұраныс түскен күннен бастап 60 күннің ішінде басталуы тиіс.

2. Келісуші Жақтардың арасындағы осы Келісімдегі кез келген келісілген өзгертулер дипломатиялық ноталармен алмасқан соң күшіне енеді.

### 17-бап

#### Көпжақты келісімдер

Келісуші Жақтар әуе көлігі туралы кез келген көпжақты Конвенцияға қосылған жағдайда, осы Келісім сол Конвенцияның қағидаларына сай өзгертілуі тиіс.

### 18 - б а п

#### Күш мерзімінің тоқтауы

Әрбір Келісуші Жақ кез келген уақытта екінші Келісуші Жаққа осы Келісім күшін тоқтату туралы өз ниетін жазбаша түрде мәлімдеуі мүмкін. Осындай мәлімдеме, сонымен бірге Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымына тапсырылатын болады. Осы Келісім, егер екінші Келісуші Жақпен мәлімдеме алынған күннен бастап, 12 ай мерзім өткен соң уағдаласу бойынша аталмыш мәлімдеме кері қайтарып алынбаған жағдайда, өз күшін тоқтатады. Екінші Келісуші Жақтан мәлімдеме

алынғаны туралы растау болмаған жағдайда, Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы мәлімдемені алғаннан кейін он төрт күннен (14) соң, мәлімдеме алынған болып есептеледі.

### 19-бап

#### Тіркеу

Осы Келісім және 16-бапқа сәйкес кез келген өзгерістер Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымында тіркелетін болады.

### 20-бап

## Баптардың аты

Осы Келісімнің баптарының аты қолайлылық пен сілтемелік үшін пайдаланылады, бірақ осы Келісімді түсіндіруде ешқандай әсер етпейді.

### 21-бап Күшіне енуі

Осы Келісім әрбір Келісуші Жақ мемлекетінің конституциялық талаптарына сай қайта бекітуге жатады және Келісуші Жақтар ратификациялық грамоталарымен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Осыларды растай отырып, өздерінің Үкіметтерінен тиісті дәрежеде уәкілдік алғандар осы Келісімге қол қойды.

1996 жылғы 18 шілде Алматы қаласында, қазақ, малай, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісім қағидаларын түсіндіруде өзгешеліктер туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Малайзия  
Үкіметі үшін

### Қосымша

#### Маршруттар кестесі

#### I КЕСТЕ

Қазақстан Республикасының тағайындалған авиакәсіпорны немесе авиакәсіпорындары мына маршруттар бойынша ұшуларды орындайтын болады:

1	2	3	4
Жөнелту пункттері	Аралық пункттер	Малайзиядағы пункттер	Сыртқары пункттер

Қазақстандағы пункттер	--	Куала Лумпур	--
---------------------------	----	--------------	----

## II КЕСТЕ

Малайзияның тағайындалған авиакәсіпорны немесе авиакәсіпорындары маршруттар бойынша ұшуларды орындайтын болады:

1	2	3	4
Жөнелту пункттері	Аралық пункттер	Қазақстандағы пункттер	Сыртқары пункттер
Малайзиядағы пункттер	--	Алматы	--

Ескерту:

Әрбір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорындарының ұшуларды тиімді орындауы, жиіліктер мен берілген тасымалдау құқықтарын пайдалануы екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының арасында келісілетін болады.